

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы денсаулық сақтау саласындағы өзара ынтымақтастық мәселелері жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 13 маусымдағы № 461 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2022 жылғы 12 қазанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы денсаулық сақтау саласындағы өзара ынтымақтастық мәселелері жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Ескерту. Нормативтік құқықтық актіге қоса тіркелген халықаралық меморандумның мәтіні ресми болып табылмайды. ҚР халықаралық меморандумның жасасқан тілдердегі ресми куәландырылған көшірмесін ҚР халықаралық меморандумдарын тіркеуге, есептеуге және сақтауға жауапты ҚР Сыртқы істер министрлігінен алуға болады
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 13 маусымдағы
№ 461 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы денсаулық сақтау саласындағы өзара ынтымақтастық мәселелері жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қатар Мемлекетінің Үкіметі

екіжақты қарым-қатынасты дамытуды және екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуды қолдай отырып,

бүгінгі және болашақ ұрпақтың игілігі үшін қоғамдық денсаулық сақтау мен денсаулық сақтау қызметтерін жақсартудың маңыздылығын мойындай отырып,

қоғамдық денсаулық сақтау мен медициналық қызметтерді жақсарту Тараптар арасындағы тығыз ынтымақтастыққа ықпал етеді деп пайымдай отырып, медициналық қызметтерге, емдеу тәсілдеріне және мүдделілік тудыратын басқа да бағыттарға қолдау көрсете отырып, денсаулық сақтау және медициналық зерттеулер саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап Ынтымақтастықтың мақсаттары мен салалары

Осы Меморандумның мақсаты Тараптар арасында мына салалардағы ынтымақтастықты көтермелеу болып табылады:

- 1) денсаулық сақтау жүйесі, медициналық-санитариялық алғашқы көмекті енгізу саласындағы зерттеулер;
- 2) екі елдегі денсаулық сақтау бағдарламалары туралы ақпарат алмасу, сондай-ақ ғылыми және медициналық жарияланымдармен және журналдармен алмасу;
- 3) статистикалық әдістерді қоса алғанда, денсаулық сақтау мен эпидемиологияның ақпараттық жүйелері саласында тәжірибе алмасу;
- 4) медицина саласындағы заңнамамен алмасу;
- 5) ғалымдардың, сарапшылардың, дәрігерлердің, мейіргерлердің, көмекші персоналдың, аурухана басшыларының және басқа да медицина қызметкерлерінің сапар алмасуы.

2-бап Қаржыландыру

Егер Тараптар әрбір нақты жағдайда өзгеше белгілемесе, Тараптар осы Меморандум шеңберінде жоспарлайтын ынтымақтастық барысында туындауы мүмкін шығыстарды өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында көзделген қаражат шегінде дербес көтеретін болады.

3-бап Уәкілетті органдар

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қатар Мемлекетінің Қоғамдық денсаулық сақтау министрлігі осы Меморандумды іске асыруға уәкілетті органдар болып табылады.

Уәкілетті органдардың атауы немесе құзыреттері өзгерген жағдайда Тараптар бұл туралы дипломатиялық арналар арқылы бір-біріне дереу хабарлайды.

4-бап Зияткерлік меншік құқығы және құпиялылық

1. Тараптар қолданылатын ұлттық заңнамаға және екі Тараптың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын тиісті халықаралық шарттарға сәйкес Тараптар осы

Меморандумға сәйкес жүзеге асыратын кез келген бірлескен қызмет нәтижесінде туындайтын зияткерлік меншік құқықтарын қорғауға және құрметтеуге міндеттенеді.

2. Әрбір Тарап екінші Тараптан алынған ақпараттың құпиялығын сақтауға, сондай-ақ осындай ақпаратты берген Тараптың айқын жазбаша нысандағы келісімін алмай, оны үшінші тұлғаларға таратпауға және жария етпеуге міндеттенеді.

5-бап Басқа халықаралық міндеттемелермен арақатынасы

Осы Меморандумның ережелері Тараптардың кез келгенінің мемлекеті қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне әсер етпейді.

6-бап Дауларды немесе келіспеушіліктерді реттеу

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасында туындайтын кез келген даулар немесе келіспеушіліктер олардың арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы реттелуге тиіс.

7-бап Түзетулер

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Меморандумға оның ажырамас бөліктері болып саналатын және Меморандумның 8-бабында көзделген рәсімге сәйкес күшіне енетін жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап Күшіне енуі

Осы Меморандум Тараптардың кез келгені екінші Тараптан осы Меморандумның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің аяқталғаны туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Меморандум 5 (бес) жыл бойы күшінде қалады және егер Тараптардың бірі екіншісін оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы ол тоқтатылғанға немесе қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда хабардар етпесе, келесі ұқсас кезеңге немесе кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

Егер Тараптар жазбаша нысанда өзгеше уағдаласпаса, бұрын осы Меморандум шеңберінде келісілген ағымдағы іс-шаралар мен бағдарламалар аяқталғанға дейін осы Меморандум қолданысының тоқтатылуы олардың аяқталуына әсер етпейді.

2022 жылғы "12" қазанда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, араб және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалады әрі барлық мәтіндер бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады.

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруде алшақтық болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтіннің күші басым болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Қатар Мемлекетінің Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК